

"Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 965 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы

Осы Заң заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері мен қағидаттарын, Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қаржы мониторингі субъектілерінің, уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардан тұрады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

заңсыз жолмен алынған кірістер - қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша, бағалы қағаздар және өзге мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар (бұдан әрі - ақша немесе өзге мүлік);

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) - қаржы операцияларын және басқа мәмілелерді жасау арқылы көрінеу заңсыз жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңды айналымға тарту, сол сияқты көрсетілген қаражатты немесе өзге де мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалану;

ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар - жеке және заңды тұлғалардың олармен байланысты азаматтық құқықтарды және міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған оларды жүзеге асыру нысаны мен әдісіне қарамастан ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасайтын әрекеттері;

ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын күмәнді операция - оны жасау нәтижесінде заңды айналымға заңсыз жолмен алынған кірістердің тартылатынын болжауға негіздері бар операциялар;

қаржы мониторингінің уәкілетті органы - Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын қаржы мониторингін жүзеге асыратын және өзге де шараларды қабылдайтын осы Заңға сәйкес заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

қаржы мониторингі - қаржы мониторингі субъектілерінен келіп түсетін ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты жинау және талдау жөніндегі шаралардың жиынтығы;

терроризмді (террористік қызметті) қаржыландыру - террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін террористерді және (немесе) террористік ұйымдарды ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен қамтамасыз ету.

2-тарау. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу

3-бап. Қаржы мониторингінің субъектілері

1. Осы Заңның мақсаттары үшін қаржы мониторингінің субъектілеріне:

1) банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және ломбардтар;

2) биржалар;

3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары, сақтандыру брокерлері;

4) лизинг қызметімен айналысатын ұйымдар;

- 5) жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- 6) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, орталық депозитарий;
- 7) нотариустер;
- 8) клиенттердің атынан ақшамен немесе өзге де мүлікпен операциялар жасау бойынша заң қызметтерін көрсететін жеке және заңды тұлғалар;
- 9) аудиторлық ұйымдар (аудиторлар);
- 10) мүлікті сенімгерлікпен басқару бойынша қызметтер көрсететін ұйымдар;
- 11) жылжымайтын мүлікке, не мемлекеттік тіркеуге жататын өзге де мүлікпен жасалатын мәмілелерге арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша қызметтер көрсететін ұйымдар;
- 12) сауда-саттықты және аукциондарды ұйымдастырушылар;
- 13) ойын мекемелері - тотализатор және букмекер кеңселер ұстайтын, сондай-ақ лотереялар, тотализаторлар (бәс тігу) және өзге де тәуекелге негізделген, соның ішінде электрлі түрдегі ойындарды ұйымдастыратын және өткізетін ұйымдар;
- 14) ақша аударымы қызметтерін көрсететін почта операторлары;
- 15) қымбат бағалы металдармен, қымбат бағалы тастармен, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдармен жаса қойып операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар жатады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қаржы мониторингінің субъектілері болып табылмайды.

4-бап. Ақшамен немесе қаржы мониторингіне жататын өзге де мүлікпен жасалатын операциялар

1. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар, егер өз сипаты бойынша ол осы баптың 2-тармағында көзделген операциялар түрлерінің біріне қатысты болса, ал ол жасалған сома:

осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген операция үшін - үш мың АҚШ долларының боламасына;

осы баптың 2-тармағының 2)-18) тармақшаларында көрсетілген операциялар үшін - отыз мың АҚШ долларының боламасына;

осы баптың 2-тармағының 19)-20) тармақшаларында көрсетілген операциялар үшін - жүз мың АҚШ долларының боламасына тең немесе одан астам болса қаржы мониторингіне жатады.

2. Ақшамен (және) немесе қаржы мониторингіне жататын өзге де мүлікпен жасалатын операцияларға мыналар жатады:

1) лотереяда, тотализаторда (бәс тігу) және өзге де тәуекелге негізделген, соның ішінде электрондық нысандағы ойындарға қатысқаны үшін ақша алу және көрсетілген ойындарды жүргізу нәтижелері бойынша сыйлықақы (сыйлық) төлеу немесе беру;

2) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясы бар ұйымдардың арасында қолма қол шетел валютасын сатып алуды, сатуды және айырбастауды қоспағанда, қолма қол шетел валютасын сатып алу, сату

ж ә н е

а й ы р б а с т а у ;

3) бір жолғы операция ретінде де дәйекті жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылатын операция ретінде де чек немесе вексель бойынша ақша алу;

4) бір жолғы операция ретінде де дәйекті жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылатын операция ретінде де бір құндағы банкнотты екінші құндағы банкнотқа а й ы р б а с т а у ;

5) бір жолғы операция ретінде де дәйекті жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылатын операция ретінде де қолма қол ақшаны клиенттің банк шотынан алу немесе банк шотына салу операцияларын жүзеге асыру;

6) бір жолғы операция ретінде де дәйекті жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылатын оффшорлық аймақта тиесілі тіркелген, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар және оффшорлық аймақта тіркелген банкіде есепшоты бар жеке немесе заңды тұлғаның ақшаны клиенттің банкілік есепшотына салуды немесе аударуды жүзеге асыруы не көрсетілген санаттағы тұлғалардың пайдасына клиенттің а қ ш а н ы а у д а р у ы ;

7) жасырын иеленушіге арнап ашылған шоттарға (салымдарға) операция ретінде де шетелден ақша аудару; бір жолғы операция ретінде де дәйекті жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылатын операция ретінде де шетелден жасырын иеленушіге арнап ашылған шоттардан (салымнан) ақшаның түсуі;

8) үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру есепшотын (салымын) ашу және (немесе) м ұ н д а й е с е п ш о т қ а а қ ш а н ы е н г і з у ;

9) өтеусіз негізде үшінші тұлғалардың пайдасына клиент немесе бірнеше клиенттер жүзеге асыратын жүйелі отыз күнтізбелік күндері ішінде жасалатын ақша төлемі және аудару, сонымен бірге бір реттік операциялар мен басқа да операциялар;

10) Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) мәдени құндылықтарды сатып алу (сату), әкелу (әкету);

11) мемлекеттік тіркеу мезетінен кемінде үш ай өткен заңды тұлғалар жасайтын о п е р а ц и я л а р ;

12) банкілер жүзеге асырушы қолда бар валютаны енгізуді алмағанда, Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) қолма қол валютаны әкелу (әкету);

13) сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру сыйақысын алу;

14) қымбат бағалы металдардан жасалған ұлттық валюта монеталарынан басқа ақшамен, бағалы қағаздармен, қымбат бағалы металдармен және тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен және өзге құндылықтармен ломбардтық және сейфтік о п е р а ц и я л а р ж а с а у ;

15) жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, аудару, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарының есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;

16) қаржы лизингінің шарты бойынша мүлікті алу немесе беру;

17) қызмет көрсету бойынша мәміле, соның есебінде мердігерлік, тасымалдау, көлік экспедициясы, сақтау, комиссиялар, мүлікті сенімгерлік басқару;

18) қымбат бағалы металдарды, қымбат бағалы тастарды, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдарды сатып алу, сату және олармен жасалатын өзге де операциялар;

19) міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын және өзге мүлікпен жасалатын мәмілелер;

20) бағалы қағаздарды сатып алу.

3. Күмәнді операциялар, олардың жасалған немесе жасалуы тиіс сомасына қарамастан, қаржы мониторингіне жатады.

5-бап. Қаржы мониторингі субъектілерінің міндеттері

1. Қаржы мониторингінің субъектілері мониторингіне жататын операцияны жүргізу туралы клиент жүгінген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай мәліметтерді құжаттамалық тіркеуге және уәкілеттік органға ұсынуға міндетті:

1) операцияның түрі және оны жасаудың негіздемесі (мәміленің мәні);

2) операцияны жасау күні мен уақыты, сондай-ақ ол жасалған немесе жасалуы тиіс сома;

3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасайтын жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер (жеке болып куәландырылатын құжаттың деректері), салық төлеушінің тіркеу нөмірі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиентке салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ тұрғылықты жерінің және (немесе) орналасқан жерінің мекен-жайы;

4) ақшамен немесе өзге мүлікпен операция жасаған заңды тұлғаның атауы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиентке салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), мекен-жайы;

5) ақшамен немесе өзге де мүлікпен жасалған операция бойынша алушыны және оның өкілін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер (операция жасырып алушының пайдасына жасалған жағдайларды қоспағанда), оның ішінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (ол бар болса), алушының және оның өкілінің тұрғылықты жерінің және (немесе) орналасқан жерінің мекен-жайы, сондай-ақ алушының немесе өкілінің қолтаңбаларын (бар болса) салыстыру туралы белгі.

2. Басқа тұлғаның тапсырма бойынша және оның атынан қаржы мониторингіне жататын операциялар жүргізілген жағдайда, оның тапсырмасы бойынша және атынан осы баптың 1-тармағында операциялар жасалатын жеке немесе заңды тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер де тіркеледі.

3. Ақшамен немесе қаржы мониторингіне жататын өзге де мүлікпен жасалатын операциялар туралы мәліметтерді қаржы мониторингінің субъектілері уәкілеттік орган мүдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша айқындайтын тәртіппен уәкілеттік органға ұсынады.

Ақшамен және (немесе) қаржы мониторингіне жататын өзге мүлікпен жасалатын

операциялар туралы мәліметтерді уәкілеттік органға берумен, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді беру үшін қажетті техникалық құралдарды орнатумен байланысты шығыстарды қаржы мониторингінің субъектілері көтереді.

6-бап. Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылауды енгізуі

1. Қаржы мониторингінің субъектілері оларға сәйкес өздері көрсететін қызметтерді басқа адамдар заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстау) және терроризмді қаржыландыру немесе соған жәрдемдесу мақсаттары үшін пайдаланбайтын шаралар қабылдайды.

2. Қаржы мониторингінің субъектілері заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды болдырмау мақсатында ішкі бақылау ережесін және оны жүзеге асыру бағдарламасын әзірлейді, ереженің сақталуына және бағдарламаның іске асырылуына жауапты арнайы лауазымды тұлғаларды тағайындайды.

3. Қаржы мониторингінің субъектілері ішкі бақылау ережесін мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен талаптарды ескере отырып, әзірлейді.

4. Осы Заңның 5-бабында көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды, сондай-ақ тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін қаржы мониторингінің субъектілері клиентпен қарым қатынас тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 жыл сақтауға тиіс.

5. Уәкілетті органға ақпарат беретін қаржы мониторингінің субъектілерінің оларға қатысты ақпарат берілетін клиенттерге және өзге де тұлғаларға бұл туралы хабарлауға құқығы жоқ.

6. Қаржы мониторингі субъектілерінің уәкілеттік органға мәліметтер мен құжаттарды осы Заңда көзделген мақсаттарда және тәртіппен ұсынуы банктік, қызметтен, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге құпияны жария ету болып табылмайды.

7. Ақпарат осы Заңға сәйкес уәкілеттік органға ұсынылған жағдайда қаржы мониторингінің субъектілері, олардың лауазымды тұлғалары хабарламаның нәтижелеріне қарамастан Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шарттың талаптарында көзделген жауапкершілікте болмайды.

7-бап. Ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операцияларды жүргізуден бас тарту және мұндай операцияларды тоқтата тұру

1. Қаржы мониторингінің субъектілері осы Заңның 5-бабына сәйкес ақпаратты тіркеу үшін қажетті мәліметтерді белгілеу мүмкін болмайтын және (немесе) қаржы мониторингіне жататын өзге де мүлікпен жасалатын операцияларды жүргізуден бас тартуға міндетті.

2. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) алдын-алу және жолын кесу мақсатында қаржы мониторингінің субъектілері күмәнді операциялар жүргізуді олардың өткізілетіні туралы клиент жүгінген кезден бастап үш жұмыс күніне дейінгі мерзімге операция тоқтатыла тұрған сәттен бастап, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде уәкілетті органды міндетті түрде хабардар ете отырып, тоқтата тұруға м і н д е т т і .

3. Қаржы мониторингінің субъектілері тараптардың біреуі террористік ұйымдар немесе террористік іс-әрекетті жүзеге асырған үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалар болып табылатын операцияларды ол туралы операция тоқтата тұрған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде қаржы мониторингінің уәкілетті органын міндетті түрде хабардар ете отырып, дереу тоқтата тұруға міндетті.

Террористік ұйымдардың және террористік қызметті жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалардың тізбесін уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектілерінің назарына, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ж е т к і з е д і .

4. Қаржы мониторингінің субъектісінен операция жүргізуді тоқтатыла тұрғаны туралы ақпарат алып, уәкілетті орган осы баптың 2-тармағы көзделген операцияны тоқтата тұруға арналған мерзім өткенге дейін, мұндай операцияның бес күнтізбелік күнге дейін мерзімге тоқтата тұрғаны туралы қаулыны шығаруға және қаржы мониторингінің субъектісіне жолдауға не операцияны одан әрі тоқтата тұруын қажеттілігі жоқтығы туралы хабарлама жіберуге міндетті. Операцияны тоқтата тұру туралы қаулыға бірінші басшының (оны алмастыратын тұлғаның) қолы қойылуы және уәкілетті органның мөрімен расталуы тиіс.

5. Қаржы мониторингінің субъектісі операцияны жүргізуді тоқтатқан мезетінен бастап, үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияны тоқтату туралы қаулысын немесе операцияны тоқтату қажет еместігі туралы хабарламасын алмаған жағдайда, егер, осы операцияны жүргізуге кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделмеген өзге негіздер болмаса, операция жүргізілуі тиіс.

6. Осы баптың 1-3-бөлімдеріне сәйкес қаржы мониторингі субъектісінің операцияны орындаудан бас тарту немесе ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциясын жүргізуді тоқтату, қаржы мониторингі субъектісінің шарттың (міндеттеменің) алғышарттарын бұзғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз болып табылмайды.

3-тарау. Уәкілетті органның міндеттері, функциясы және өкілеттіктері

8-бап. Уәкілетті органның міндеттері

Уәкілетті органның негізгі міндеттері:

1) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және ж ү р г і з у ;

2) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, мемлекеттік органдардың қызметін бұл бағытындағы ж ұ м ы с ы н ү й л е с т і р у ;

3) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай ақпараттық жүйені құру және республикалық деректер қорын енгізу;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

5) халықаралық ұйымдарда заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру болып табылады.

9-бап. Уәкілетті органның функциялары

1. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында уәкілетті орган:

1) осы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) қаржы мониторингіне жататын өзге де мүлікпен операциялар туралы ақпаратты жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;

2) белгіленген тәртіппен алынған ақпаратты тексеруді және талдауды жүзеге а с ы р а д ы ;

3) мүдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын күмәнді операциялардың белгілерін айқындайды және олардың тізбесін қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізеді;

4) мемлекеттік органдардың заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қ ы з м е т і н ү й л е с т і р е д і ;

5) соттың сұратуы бойынша оның өндірісінде бар материалдарды шешу үшін ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалған операциялар бойынша қажетті а қ п а р а т т ы ж о л д а й д ы ;

6) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалған операциялардың (мәміленің) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты деуге негіздемелер болған кезде, ақпаратты прокуратура органдарына немесе құқық қорғау органдарына олардың құзыреттеріне сәйкес процессуалдық шешім қабылдау үшін жолдайды;

7) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

8) республикалық деректер қорын қалыптастыруды және жүргізу ұйымдастырады, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ақпараттық жүйелердің әдіснамалық бірлігін және келісілген жұмысын қамтамасыз етеді;

9) қаржы мониторингі субъектілерінің осы Заң талаптарын орындауына, соның ішінде олардың қызметіне тексеріс жүргізу арқылы, бақылауды жүзеге асырады;

10) осы Заң талаптарын бұзғаны үшін заңды тұлғалар мен олардың лауазымды адамдарын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тарту үшін шаралар қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүргізеді;

12) мемлекеттік органдардан және өзге ұйымдардан алынатын ақпараттың негізінде заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану практикасын қорытады, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

13) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесі мен практикасын зерделейді;

14) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізеді;

15) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ұйымдар қызметіне белгіленген тәртіппен қатысады;

16) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын органмен келісім бойынша осы Заңның мақсаттар үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін айқындайды, сондай-ақ оны қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізеді.

10-бап. Уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті орган:

1) қаржы мониторингінің субъектілері болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалардан қаржы мониторингіне жатпайтын операциялар бойынша қажетті ақпаратты сұратуға;

2) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру белгілер анықталған жағдайда ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен

операцияларды бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы қаулы шығаруға ;

3) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы, іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысуға ;

4) сұрату бойынша немесе дербес түрде шетел мемлекетінің қаржы мониторингін жүргізуге уәкілетті органымен ақпарат алмасуға ;

5) мемлекеттік және өзге заңмен қорғалатын құпияны қорғау бойынша талаптарды сақтай отырып, қаржы мониторингі саласында сараптамалар жүргізу, оқыту бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды әзірлеу, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелерді құру үшін ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдарды, сондай-ақ жекелеген мамандарды жұмысқа, соның ішінде шарттық негізде тарту құқылы .

2. Уәкілетті орган :

1) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға ;

2) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, банктік, салық, коммерциялық немесе өзге де Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты сақтаудың, қорғаудың және сақталуының тиісті режимін қамтамасыз етуге ;

3) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

11-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдармен және шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен

өзара іс-қимылы

1. Уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қаржы мониторингін және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен алмасады.

2. Өз құзыреті шегінде құқықтық статистика мен арнайы есеп саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган террористік ұйымдар мен террористік қызметті жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалардың тізбесін уәкілетті органға жолдайды .

Аталған тізбе өзгертілген (және) немесе толықтырылған жағдайда, өз құзыреті шегінде құқықтық статистика мен арнайы есеп саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган жаңартқан уәкілетті органға жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары күмәнді операцияларды өз

бетімен анықтаған жағдайда бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге құқылы. Күмәнді ақпарат туралы ақпарат уәкілетті органға ақпарат беру банктік, қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпияны жарна ету болып т а б ы л м а й д ы .

4. Уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы өзге де мемлекеттік органдарының шетел мемлекеттерінің заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты әрекеттердің алдын-алу, анықтау, жолын кесу және тергеу саласындағы құзыретті органдармен ынтымақтастығы, сондай-ақ көрсетілген кірістерді тәркілеу заңдарға және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

12-бап. Осы Заңның бұзылғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

Жеке және заңды тұлғаларға қаржы мониторингін жүзеге асырумен байланысты заңсыз әрекетпен немесе әрекетсіздікпен зиян келтіргені үшін уәкілетті орган және оның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікте болады.

13-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті